

ӘОЖ 319

**ҚАЗАҚСТАНАДА ДЕСТУРКТИВТІ ДІНИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ТАРАЛУ  
ФАКТОРЛАРЫ МЕН МЕХАНИЗМДЕРІ**

**Рахманқұл Нұрбек Рахманқұлұлы**

**[rakhmankululy@gmail.com](mailto:rakhmankululy@gmail.com)**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
әлеуметтік ғылымдар факультетінің магистранты Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ә.С. Отар

Қоғам үшін дін ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Бүгінгі әлемдегі басты мәселелердің бірі діннің саяси құрал, қару ретінде қолданылып, саясатпен астасуында екені баршаға белгілі жайт. Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып жариялағаннан кейін, елімізге көптеген дәстүрлі емес діни ағымдар келе бастады. Олардың ішінде бірнеше ағым деструктивті сипат алды.

Деструктивті діни ұйым - авторитарлық, қатаң құрылымдалған діни ұйым, бұрмаланған діни насихатқа бағытталған жеке тұлғалар бірлестігі [1]. Адамды толығымен бақылауды жүзеге асыру, жақтастарды тарту мақсатында жасырын психикалық, зорлық-зомбылық, материалдық ынталандыру секілді әрекеттерді жеке мүдде пайдасы үшін қолданады. Бұл қоғамда қалыптасқан тарихи дәстүрлерге, мәдениетке, құқықтық нормаларға қайшы келетін қызметтерді өз мақсаттары үшін пайдалану болып табылады. Деструктивті сипаттағы діни ұйымдар өздерінің дінге деген жоғары құштарлығын әрқашан басым етіп көрсетеді. Бірақ іс жүзінде, олар адамның санасын бағындырады. ДДА мүшелігіне келген адамның жеке тұлғалық пайымы мен түсінігін жойып, конституциялық құқықтарын, отбасылық және моральдық құндылықтарын бұзады. Сол арқылы өзінің жеке мүдделері мен мақсаттарын жүзеге асыруға тырысады. Осындай сипаттағы діни ағымдардағы талдаудағы біздің практикалық зерттеуіміз ДДА таралуының бірнеше факторлары бар екендігін көрсетті. Қазақстанда және жалпы Орталық Азияда деструктивті идеологияның таралуын күшейтетін сыртқы факторлар қатарына мынадай себептер жататыны анықталды:

Араб көктемінен кейінгі халықаралық жағдай, 2014 жылы Ауғанстаннан шетелдік әскерлердің ішінара шығуы, Қырымды басып алғаннан кейінгі халықаралық шиеленіс, Қытай ықпалының өсуі, Ирак және Сириядағы болжауға келмейтін жағдай. Осылайша, Орталық Азия, Таяу Шығыс және Батыс тарапы салдарынан болған дінмен байланысты саяси қатерлер Қазақстан қоғамында бұрынғы уақытта болмағандай көбейді. Сонымен қатар, Қазақстанның Ауғанстанға географиялық және діни тұрғыдан жақындығы да маңызды мәселе. Біз бұл аумақ қарулы қақтығыстар аймағы екенін білеміз, террористік топтар бар және географиялық жақындығы болғандықтан әрдайым жоғары қауіп-қатер бар екендігін ескеру қажет. Олар Қазақстан аумағына енгізе тырысады. Ал қазір Сириядан сарбаздар қайтып оралғаннан кейін олар жаңа нысана табуға мүмкіндік іздей бастайды. ДДА мүшелері өз қылмыстық әрекеттеріне жаңа мақсат іздестіруі мүмкін. Бұндай жағдайда Қазақстанда терроризм қаупі айтарлықтай артады деуге болады.

Елде ДДА қызметінің күшеюі қаупіне ықпал ететін Қазақстанның сыртындағы факторлар тақырыбы бойынша сараптамалық қорытындыларды талдау арқылы Ауғанстан, Сирия, Ирак сияқты қақтығыс орталықтарының жанында Қазақстанның географиялық орналасуы және мұсылман және мұсылман емес әлемнің арасындағы қақтығыстардан алыс емес болуы және жаһандық геосаяси жағдай факторлары, Қазақстанда ДДА таралуының қаупін арттыратынын көруге болады. Сондай-ақ, ғаламдық факторлардың арасында сарапшылар «Ислам мемлекет» тарапынан төнетін қауіп-қатерді атап көрсетеді [2]. Қазақстанға қатысты сыртқы басқа да факторлардың қатарында, шетелде, яғни мұсылман елдерінде, оқуға барып келуді де атап көрсетуге болады. Ол да адамның деструктивтік идеологияға бейімділігін одан әрі ынталандыруы мүмкін. Бұны біз 90-шы жылдары шет елдерге діни білім алуға кеткен азаматтардан анық көре аламыз. Мемлекеттік және муниципалды оқу орындарына ДДА-дың идеологиясының кіруі және кәметке толмағандарды деструктивті сипаттағы діни ұйымдарға тарту азаматтық қоғам үшін үлкен қауіп төндіреді. Ал ДДА-дар идеологиясын тарату үшін бұл нысандар үлкен позитивті ықтималдық береді. ДДА таралуының себептерін объективті және субъективті деп бөлудің классикалық идеясына сүйене отырып, объективті себептер қоғамның өзінен, ал субъективті себептер тікелей секталық ортадан туындайды деп болжауға болады.

Қоғамның рухани деградациясы - бұл ортадағы сектанттықты да, оккультизмді де, қылмысты да тудыратын басты себеп. Профессор М.П.Клейменов қоғамның рухани тозуы теріс әлеуметтік ауытқу екенін айтады. Атап айтқанда, ол мұндай деградация процесінде

мистицизмнің өршуі үлкен рөл атқарады деп санайды. Бұл дегеніміз қылмыстық шабуылдар жасаудың әлі басталмай тұрған кезеңі. Әр түрлі көріністердегі оккультизм: экстрасенсорлық қабылдау, теософия, жалған діндер - мұның бәрі агрессия мен суицидтік мотивтердің өсуіне, қылмыстық мінез-құлықтағы сана-сезім инстинктінің өсуіне ықпал етеді. Ақ және қара магия, шаманизм, теософия және медитация туралы оқулықтар кітап дүкендерінде кеңінен ұсынылған [3]. Осы тізбектің қатарында БАҚ-тың да ДДА идеологиясын таралудағы рөлін бар. Мәселен, БАҚ үнемі астрологиялық болжамдар жариялайды. Бұл адамның рационалды пайымын әлсіретіп, мистикалық бұрмаланған діни түсініктерді ұсынатын ДДА-ғадар идеологиясына жеңіл сенуге ықтималдықты жоғарылатады. Бір сөзбен айтқанда, рухани вакуумды суррогаттармен толтырудың белсенді әрекеттері бар. Олардың жойғыш табиғаты ерте дәуірден бері белгілі және қазіргі кезеңмен де расталады (психикалық аурулардың саны, отбасының ыдырауы, себепсіз қылмыстардың санының өсуі, діни негіздегі кісі өлтіру, діни орындарды теріс пиғылда пайдалану т.б.). Адам өзіне оң баға беруге мұқтаж, сондықтан өзін дұрыс көретін, өзін дұрыс сезінетін топты табуға тырысады. Г. Тэшфелдің әлеуметтік сәйкестілік теориясы бойынша жекелеген адамдар өз топтарын жағымды бағалауға бейім. Топтың мүшесі ретінде өз-өзіне деген баға беруді де жоғары көтереді [4]. Мұны істеудің ең оңай жолы өз тобына қолайлы салыстыру өлшемдерін тауып, оны пайдалану. Әрқашан осындай топтық оң салыстыру өлшемдерін табу мүмкін емес және әрқашан үйретушілері өз шәкірттеріне соны жеткізе алмауы мүмкін. Сол кездерде жас адамдардың оң сәйкестілікке деген қажеттілігі жиі кейбір тарихи немесе ғылыми фактілерді контекстен «алып тастауға», псевдоғылыми теорияларға сенуге бейім деструктивті ағымдардың идеологтары арқылы жүзеге асырылады. Осы тұрғыдан деструктивті діни ұйымдардың әлеуетті ізбасарларының білім деңгейіне назар аударған жөн. Білімнің төмен болуын экстремистер жиі кездесетін сипаттамалардың бірі ретінде қарастыру бұрыннан қалыптасқан пікір. Іс жүзінде нақты жағдай тура дәл сол секілді емес. Алған білім деңгейлері емес, атап айтқанда сыни ойлаудың болмауы, талдай білу, салыстыра білудің және өз бетімен сәйкессіздік пен қисынсыз заттарды көре алмау басты себептердің қатарында. Мысалы, зорлық-зомбылыққа шақыратын діни әсірешілдердің уағыздары адамдарды ДДҰ-дар қатарына жеңіл тартудың маңызды факторларының бірі болып табылады. Бұл діни сауаттылыққа тура қатысы жоқ, логикалық және сыни тұрғыдан ойлау мүмкіндігіне байланысты.

Деструктивті діни идеологияға ерудің негізгі субъективті әсерлерін зерттеуде келесі факторлар басым екендігі анықталды: деструктивті діни немесе оккультистік топтың ілімінде қылмыс жасаулары ақталу не кек қайтару ретінде сипатталуы; жеккөрушілік, толеранттылық сақтай алмау; дәстүрлі діни ағымдардың артына жасырынып, жойғыш әрекеттерінде дін догмасының бөліктерін пайдалану көп кездеседі. Сондықтан, ДДА-ға қарсы күресте осы себептердің алдын алу маңызды рөл атқарады. Мысалы, Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігінің мамандары қылмыскердің сектасын нақтылау үшін православие тәжірибесіне сүйене отырып, олардың догматикалық және идеологиялық көзқарастарын салыстырмалы талдауға көшуді ұсынады. Өйткені бұл діннің ілімдерінің моральдық тұрғыдан мінсіздігі кез-келген тоталитарлық сектадан түбегейлі ерекшеленеді. Теологиялық ұғымдар логикалық тұрғыдан өте миға сиымды және өзіндік формасы бар. Сондықтан теолог мамандардың қызметі бұл жұмыс барысында өте тиімді саналады.

Дәстүрлі діндер жазбалардың бұрмаланған түсіндірмесін қолдана отырып, ДДА-ға ерген әсіре діншіл адамдар көбінесе ата-аналарын жек көре бастайды. Олардың түсінігіндегі әлем зұлымдыққа белшесінен батқан әлем, күнәһар. Ал таза өмір ДДА құрған сектада ғана деген түсінікке мықты орнығады. Жеке дүниетанымның нашарлауы оларды сектадан құтқаруға тырысатын ата-аналарын «шайтанның өнімі» деп санайтын жағдайға дейін жеткізіп жатады [5].

Қазіргі заманғы деструктивті діни ұйымдар негізінен үш мақсатты көздейді: зұлымдық, күш, ақша. Секталық ортаға байланысты қылмыстардың жасалуын анықтайтын тағы бір маңызды себеп - органы қылмыстық түрде сипаттайтын, кейбір секталардың, әсіресе сатанистік және тоталитарлық ілімдердің жойқын және тіпті қылмыстық сипатын атауға

болады. Бұл ілімдер жоғарыда анықтағанымыздай, жеккөрушілік, жеке бастың мүддесін қоздыратын зұлымдықтан, секталардың жетекшілері мен құрылтайшыларының арам пиғылдары, жалған ғылымдар, квази-дінділік және басқалардан туындайтын жеккөрушілікпен сипатталады. Бұл фактілерді жоғарыда айтқанымыздай, сектанттылықты байыпты зерттеген авторлардың басым көпшілігі көрсеткен. Жалпы, дәстүрлі діндерге кереғар пікірлер ұсынатын секталар тарихта үнемі болды. Сектанттар көтерілді, шу шығарды, дәстүрлі діндерден бөлінді, оны жоюға тырысты, қарғыс айтты, рухани тұрғыдан әлсіздерді алып кетті, сенім мен дәстүрлі діндерге қарсы шыққан барлық күштердің қолдауына ие болды, бірақ олардың соңы әрқашан теріс әсер беріп отырды және жойылды.

Өз еңбектерінде діни культтарды сынға алушылар деструктивті культтердің көшбасшылары көбінесе үстемдік пен психологиялық зорлық-зомбылыққа бейімді психопатикалық ой-сананың жеке тұлғалары болып табылатындығын атап көрсетеді. Көптеген сыншылардың пікірінше, деструктивті дін жетекшілері көптеген адамдарды бағындыруға материалдық немесе саяси қызығушылық танытады және олардың ізбасарларына «миды жуу», есірткі, топтық «ләззат», бос уақытты игеру, сыртқы байланыстарды шектеу және т.б. сияқты ықпал ету әдістерін қолданады. Деструктивті секталардың ортақ белгісі ретінде олардың дәстүрлі діни көзқарастармен және конфессиялармен қарама-қайшылығы байқалады [6].

ДДА мүшелеріне кешенді әсер олардың санасын түбегейлі өзгерте алады және бұл олардың деструктивті діннің мүшелері болып табылмайтын адамдардан нақты ақпаратты толық қабылдамай, бауырластардан келетін жалған ақпаратты ғана қабылдауына алып келеді. Бұндай үрдіс иррационалды догма мен сенімнің қалыптасуына және нығаюына ықпал етеді. Егер біз «Иегова Куәгерлеріне» арналған «Киелі кітаптағы әңгімені қалай бастауға және әрі қарай жалғастыруға болады?» деген нұсқаулыққа талдау жасайтын болсақ, дайын жауаптардың жүйелік сипаты таң қалдырады.

Нұсқаулықтан мынандай мысалдарды келтіруге болады: «Мені дін қызықтырмайды» деген сөйлемге жауаптар жиынтығы ұсынылған. Олардың бірі келесі сипатта: «Мен сізді өте жақсы түсінемін. Шіркеулер, шын мәнінде, әлемді қауіпсіз ете алмады емес пе?! Дегенмен, сіз Құдайға сенесіз бе?». Жауаптың бұл түрі өзіне тән негативтің басқа жағына ауысуды ғана емес, сонымен бірге тиімділіктің кілті болып табылатын тыңдаушының позициясының іргелі моделін көрсетеді. «Мені Иегова куәгерлері қызықтырмайды» деген сөзге жауап ретінде нұсқаулықта мынандай параметрлер келтірілген: «Мен сізді жақсы түсінемін, өйткені бір кездері мен де дәл солай ойлағанмын. Бірақ, шындық, әділеттілік үшін мен олардың біреуін тыңдауға бел будым. Соңында, менің куәгерлер туралы қате пікірім бар екені белгілі болды». Барлық осындай модельдендірілген әңгімелер кез-келген адам үшін дайындалған адаммен диалогқа қатысып, оның «жеңімпазы» ретінде шығуы үшін туындауы мүмкін негізгі қиындықты көрсетеді. Бұл түсінікті, өйткені бұл жерде диалог қарапайым адам диалогы емес, әлдеқайда күрделірек адам-жүйелік диалог.

Адамдардың жоғарыда аталған сектаға тартылуының түрлі кезеңдерінде әртүрлі механизмдер қолданылады. Бұл тұрғыда үш кезеңді бөліп көрестеуге болады: ДДА-ға тарту сатысы, қайта кодтау сатысы және құзырында ұстау сатысы. Бірінші, ДДА-ға тарту кезеңі «махаббаттық жарылыс» деп аталады. Бұл кезеңде адам өзіне бұрын бұдан артық көңіл бөлінбеген секілді сезінеді. Сонымен қатар, қандай да бір ауыр жағдайда жүрген адамдар әсер ету объектісі ретінде таңдалады. Бұл типтегілер көбіне жастар және қайғы-қасіретті бастан кешірген адамдар болуы мүмкін, өйткені олар дәл сол кезеңде ерекше әлеуметтік жағдайда болады.

Сананы қайта кодтау кезеңі ақпаратты толық басқаруға негізделген. Бұл жағдайда туыстары мен достарының пікірін болдырмас үшін, миссионерлер жақындарының пікірін, БАҚ сияқты ақпарат көздерін «шайтанның өкілдері» деп жариялап, болашақ құрбанды сендіреді. Осылайша, олардың кез-келген мәлімдемесі қате ретінде қабылданады. Тек сектадан ғана «сенімді» ақпарат алуға мәжбүр етіп қояды. Сонымен қатар, физиологиялық типтегі әдістер адамды пассивті күйде ұстауға мүмкіндік береді. Бұл вегетариандық тамақ,

шексіз дұғалар, барлық мантралардың қайталануы болуы мүмкін. Мұның бәрі адамды өзіне берілген ақпаратқа қарсы тұру үшін нақты күштен айырады.

Сақтау немесе құзырында ұстау кезеңі қорқыныштың айла-шарғысына негізделген. Егер адам бұдан былай бұл топтан тыс өмір сүруді жөн көрсе, деструктивті сектадан бас тартқысы келсе өлетініне сенімді етеді [7].

Кесте 1. Адамдарды ДДА-ға тартудың негізгі үш кезеңі

Кезеңдер	Негізгі инструментариелер
ДДА-ға тарту сатысы	«Махаббаттық жарылыс»
Қайта кодтау	Ақпаратты қадағалау
Құзырында ұстау	Қорқынышын күшейту

Сектаның мүшесін құзырында ұстаудың маңызды элементі ДДА көшбасшылары «дұрыс емес» деп тапқан мәселелерге тыйым салу болып табылады. Осылайша, секта өзінің ақпарат жұмысының қажетті түрін сақтайды.

Осы мәселерді ескере отырып еліміз діни сауаттылық курстары, дәрістер және жеке сұхбаттар секілді шаралар арқылы халықтың діни сауаттылығын арттыру жұмыстарын жалғастыруда. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) мәліметінше, өткен жылы мұндай іс-шараларға 20 мың қазақстандық қатысты. Деструктивті діни ағымдармен күресте ҚМДБ жұмысы ерекше көзге түседі. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) хабарлауынша, Қазақстан дінбасылары 2019 жылы экстремизмге қарсы күрес бағдарламаларына қатысуға 120 мың азаматты тартты. Өткен жылы ҚМДБ имамдары әлеуметтік желілерде телефон, электронды пошта және тұрақты пошта арқылы жіберілген қазақстандықтардың 14 мың сұрағына жауап берген. Әлеуметтік желілерде діни сауаттылық туралы және радикализацияға қарсы бағытталған 2 мыңға жуық хабарлама жариялады. 50 мыңға жуық адам (33 мың ер адам және 17 мың әйел) елдегі мешіттерде діни сауаттылық курстарынан өтті. Сонымен қатар, балалар үшін жазғы діни сауаттылық курстары ұйымдастырылды. Оған 20 мың ұл және 10 мың қыз қатысқан [8]. ДДА-ларға қарсы тұру бойынша жасалып жатқан әрекеттерге қосымша қажетті сыни ойлау дағдыларын қалыптастырумен қатар, дінаралық және мәдениетаралық толеранттылыққа бейімдеу үшін діни сауаттылық деңгейін арттыру қажет. Бірақ бұндай діни сауаттылықты көтеру процесі дәстүрлі дәріс оқу түрінде болмауға тиіс екенін айта кеткен жөн. Студенттер арасында коммуникативті және интерактивті оқыту әдістерін барынша пайдалану керек. Атап айтқанда, студенттердің тобына түрлі діндер мен ұлттар өкілдерінің араласуына күш салып, олардың табысты және қызықты өзара іс-қимылын ұйымдастыру қажет деп санаймыз.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Иршенко А. А. Причины возникновения религиозных организаций деструктивного характера // Молодой ученый. 2017 г., №32. С. 66
2. Сводный аналитический доклад КГУ «Центр исследования проблем религий акимата города Астаны» // Основные механизмы распространения идеологии деструктивных религиозных течений 2018 г., С. 14-15
3. Клейменов М. П. Духовное здоровье нации и правопорядок. Здоровье нации и национальная безопасность 2006 г., С.91.
4. Tajfel, H., & Turner, J. C. «The social identity theory of intergroup behaviour» 1986, p. 7
5. И. И. Восторгов «Миссионерское обозрение» 2006 г., С.18.

6. Мухит Асанбаев, Лязат Умирзакова. Новая форма религиозного экстремизма в казахстане: деструктивные секты и культы // Журнал социально-политических исследований «Центральная Азия и Кавказ» С. 356-365
7. Г. Почепцов / Деструктивные секты: методы вербовки и удержания новых членов <https://www.narcom.ru/publ/info/340>
8. Бурлаков В. Н. Сравнительная криминология. Учебник. Санкт-Петербургская академия МВД России 2008г., С.425.